



SHORTANDY NEWS

Аудандық қоғамдық-саяси газеті

ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚЫТАЙЛЫҚ SUNWAN GROUP КОРПОРАЦИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ЦАЙ ГУАНШЭНЬДІ ҚАБЫЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев екі елдің сауда-экономикалық байланыстарының қарқынына жоғары баға беріп, бүгінде Қытай Қазақстанның ең ірі сауда серіктесі саналатынын, тауар айналымы жыл сайын рекордтық межені бағындырып отырғанын айтты.

Әңгімелесу барысында инвестициялық ықпалдастыққа баса мән берілді. Президент әлем жасанды интеллектінің белсенді даму кезеңіне қандам басқанын атап өтті. Бұл бағытта Қытай көш бастап тұр. Мемлекет басшысы Қытай тарапымен аталған салада ынтымақтастықты дамытуға ниет білдірді.

@ptrkkz



ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ АЗИЯ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛАР БАНКІНІҢ ПРЕЗИДЕНТІ ЦЗОУ ЦЗЯИДІ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы бүгін қол қойылған Серіктестік туралы негіздемелік келісімді құптады.

– Сіздің осы лауазымдағы сапарыңызды Қазақстаннан бастағаныңызды жоғары бағалаймыз. Бұл екіжақты ынтымақтастыққа тың серпін беретін жақсы нышан деп санаймыз. Банкпен бірге жалпы сомасы 2,6 миллиард доллардан асатын 9 жобаны жүзеге асырып жатырмыз. Мұның бәрі өзара ықпалдастығымыз бен байланысымызды жандандыра түсетініне сенімдімін, – деді Президентіміз.

@ptrkkz



ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗІ БАСТАЛДЫ

«Бәріңізге мәлім, Қазақстан өтпелі кезеңге аяқ басты. Біз ел тағдырына әсер ететін ауқымды өзгерістерді жүзеге асырып жатырмыз.

Қызылордада өткен Ұлттық құрылтай отырысында конституциялық реформаның маңызды тұстары туралы айтқанымды білесіздер.

Қоғамда кеше ғана емес, жарты жылдан бері Конституцияға қатысты жан-жақты пікір алмасу

жүріп жатыр. Барлық ұсынысты жүйелеп, саралау үшін 130 адамнан тұратын Конституциялық комиссия құрылды. Бұл – ауқымы жағынан да, кәсіби деңгейі тұрғысынан алып қарасақта, еліміз үшін теңдесі жоқ комиссия. Осы жолы Комиссия құрамында шетел мамандары жоқ».

t.me/aqorda_resmi

НАЧАЛОСЬ ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНОЕ СЛОВО ПРЕЗИДЕНТА КАСЫМ-ЖОМАРТА ТОКАЕВА

«Как вы знаете, Казахстан вступил в период глубокой трансформации. Мы осуществляем масштабные преобразования, которые повлияют на судьбу всей страны.

На заседании Национального курултая в Кызылорде мною были изложены основные аспекты конституционной реформы.

Широкая дискуссия в обществе по этому

вопросу началась не вчера, а идет уже на протяжении полугода. Для систематизации всех предложений была создана Конституционная комиссия в числе 130 человек. Состав Комиссии стал беспрецедентным для нашей страны по своему охвату и профессионализму. Кроме того, среди членов данной Комиссии нет зарубежных экспертов».

t.me/aqorda_resmi



ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫ ҚАБЫЛДАУ ҮШІН 15 НАУРЫЗДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ ӨТЕДІ

Орталық сайлау комиссиясы негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекітті. Дайындық кестесін ұсынамыз.

@ptrkkz

TRKLAB

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ
АЛДАҒЫ АЙ
қалай өтеді?

15 НАУРЫЗ

TRKLAB

РЕФЕРЕНДУМҒА
ДАЙЫНДЫҚ КЕСТЕСІ:

12 АҚПАН – 14 НАУРЫЗ САҒАТ 00:00-ҒЕ ДЕЙІН ДАУЫС БЕРУГЕ ҚАТЫСТЫ ҮТТ-НАСИХАТ	21 АҚПАН Комиссия құрамы мен үшәкелер туралы мәлімет жарияланды
22 АҚПАН Референдум комиссияларына дауыс берушілер тізімі ұсынылады	27 АҚПАН – 4 НАУРЫЗ Дауыс беру уақыты мен орны туралы хабарландыру
12-14 НАУРЫЗ БИЛЛЕТЕНЬДЕРДІ ЖЕТКІЗУ	14 НАУРЫЗ ТЫНЫШТЫҚ КҮНІ
15 НАУРЫЗ РЕФЕРЕНДУМ КҮНІ Дауыс беру 07:00-ден 20:00-ге дейін	

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ ОБЪЯВЛЕНИЕ ПО ОБЩЕСТВЕННЫМ СЛУШАНИЯМ

«V Industry» ЖШС 2026 жылғы 20 ақпаннан бастап және 10 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы қоршаған ортаның жай-күйі және табиғи ресурстар жөніндегі ұлттық деректер қорының экологиялық порталында (<https://ndbecology.gov.kz>) қоғамдастық тыңдаулар қоғамдық талқылаулар түрінде өтетіні туралы хабарлайды. Тыңдаулар Ақмола облысы, Шортанды ауданында орналасқан «Колутон» атқылаған жыныстар (гранодиориттер) кен орнында жер қойнауын пайдалану опера-

яларының салдарын жою жоспарына арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша өткізіледі.

Құжаттамамен танысуға, экологиялық порталда ұсыныстар мен ескертулер қалдыруға болады. (<https://ndbecology.gov.kz>)

Жобаның тапсырыс берушісі: «V Industry» ЖШС.

Тапсырыс берушінің мекенжайы: ҚР, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Р. Сабатаев көшесі, 82 ғимарат, т.е.б. 336, тел. +7 7011117801, БСН: 220340001241.

Эл. пошта: v_industry@mail.ru.

«Байзақова Л.М.» ЖК әзірлеушісі

Деректемелер: ҚР, Көкшетау қ., Сабатаев көшесі 82, ққ. 336, тел. 8(7162)521585. Эл. пошта: koksheground@mail.ru

Әсер етуі мүмкін аумақ: Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Шортанды кенті.

ЖАО - «Ақмола облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Көкшетау қаласы, Абай көшесі 89. Тел. 87162 (402807).

ТОО «V Industry» уведомляет о том, что с 20.02.2026 г. и в течение 10 рабочих дней на экологическом портале «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов Республики Казахстан» (<https://ndbecology.gov.kz>) будут проводиться общественные слушания в форме публичных обсуждений на Раздел «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий проведения операций по недропользованию на месторождении изверженных пород (гра-

нодиоритов) «Колутон», расположенном в Шортандинском районе Акмолинской области.

Ознакомиться с документацией, оставить предложения и замечания можно на экологическом портале. (<https://ndbecology.gov.kz>)

Заказчик проекта: ТОО «V Industry».

Адрес заказчика: РК, Акмолинская область, г. Кокшетау, ул. Р. Сабатаева, зд. 82, тер. 336. тел.: +7 7011117801, БИН: 220340001241.

Эл. почта: v_industry@mail.ru.

Разработчик проекта: ИП «Бай-

закова Л.М.»

Реквизиты: РК, г. Кокшетау, улица Сабатаева 82, оф.336, тел. 8(7162)521585. Эл. почта: koksheground@mail.ru

Территория, на которую может быть оказано воздействие: Акмолинская обл., Шортандинский район, п. Шортанды.

МИО - ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области», г. Кокшетау, ул. Абая 89. Тел.87162 (402807).

САЙЛАУ - 2026

ВЫБОРЫ - 2026

ХАБАРЛАМА САЙЛАУДЫҢ ҚОРТЫНДЫСЫ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 8 ақпан Шортанды ауданының бір сайлау округі бойынша кент әкімі сайлауы өтті.

Шортанды аудандық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 14-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына, 44-бабы 2-тармағына және 113-10 бабына сәйкес, Шортанды ауданы Жолымбет кенті әкімін сайлау нәтижесі бойынша учаскелік сайлау комиссияларының хаттамаларының негізінде сайлау

қорытындыларын белгіледі:

Жолымбет кенті әкімін сайлау бойынша Жолымбет кентінің округі:

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 2360 азамат енгізілді, оның ішінде 1275 адам дауыс берді. Жарамсыз деп танылған бюллетеньдер саны – 14, «Бәріне қарсымын» деген жолда белгі қойылғандары – 26

Әр кандидатқа берілген дауыстар саны:

- Кенжебаева А.Г. – 173 (14,01%);

- Нуржанов Е.Т. – 229 (18,54 %);

- Темиржанов Б.М. – 833 (67,45%).

Жолымбет кенті әкімі болып Темиржанов Дюсенбай Мутанович сайланды, 1971 жылы туған, «NNEF» ҚҚ Астана қ. Филиалы «Мирас бөбекжай – бақшасының» шаруашылық меңгерушісі.

Астана қ. Сарайшық ауданы, Жүргенова к. 34, 113 пәтерде тұрады, өзін-өзі ұсыну арқылы тіркелген.

Шортанды ауданы сайлау комиссиясы

СООБЩЕНИЕ

ОБ ИТОГАХ ВЫБОРОВ

8 февраля 2026 года состоялись внеочередные выборы акима п. Жолымбет Шортандинского района в одном избирательном округе.

Шортандинская районная избирательная комиссия в соответствии с подпунктом 9) статьи 14, пунктом 2 статьи 44, статьей 45, статьей 113-10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», на основании протоколов участковых избирательных комис-

сий о результатах выборов акима п. Жолымбет Шортандинского района установила итоги выборов:

Жолымбетский избирательный округ по выборам акима п. Жолымбет:

В список избирателей по избирательному округу включено 2360 граждан, из них проголосовали 1275 (54,03%). Число бюллетеней недействительных – 14, с отметкой в строке «Против всех» - 26.

Число голосов, поданных за каждого

кандидата:

- Кенжебаева А.Г. – 173 (14,01%);

- Нуржанов Е.Т. – 229 (18,54 %);

- Темиржанов Б.М. – 833 (67,45%).

Избран акимом п. Жолымбет Темиржанов Дюсенбай Мутанович, 1971 года рождения, заведующий хозяйством «Ясли сад Мирас», Филиал ОФ «NNEF», проживает в г. Астана, район Сарайшык, ул. Жургенова 34, кв. 113, самовыдвиженец.

Шортандинская районная избирательная комиссия

САЙЛАУ - 2026

ВЫБОРЫ - 2026

ШОРТАНДЫ АУДАНЫ НОВОСЕЛОВКА АУЫЛ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2026 жылғы 8 ақпаныңда сағат 18.00-де Ақмола облысы Шортанды ауданы Новоселовка ауыл округіне әкім болуға кандидаттарды тіркеу аяқталды.

Ұсынылған 3 кандидаттан 3 кандидат тіркелді. Олар:

- Каримова Ләззат Байкенқызы, 1973 жылы туылған, Шортанды ауданы «Жолымбет кенті әкімінің аппараты» ММ бас маманы, Жо-

лымбет кенті тұрады. Өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған.

- Маевский Александр Анатольевич, 1974 жылы туылған, Шортанды ауданының «Шортанды ауданы әкімінің аппараты» ММ АҚ және ТЖ әкімінің бас инспекторы, Шортанды кентінде тұрады. Өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған.

- Молдобаева Арнагүл

Искенқызы, 1979 жылы туылған, Ақмола облысы Шортанды ауданы бойынша оқу бөлімінің басқармасы «Жолымбет кенті № 2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директоры, Шортанды ауданы Жолымбет кентінде тұрады, «AMANAT» партиясынан ұсынылды.

Шортанды аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

ИНФОРМАЦИЯ ОБ ИТОГАХ РЕГИСТРАЦИИ КАНДИДАТОВ В АКИМЫ НОВОСЕЛОВСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА ШОРТАНДИНСКОГО РАЙОНА

8 февраля 2026 года в 18.00 часов завершилась регистрация кандидатов в акимы Новоселовского сельского округа Шортандинского района Акмолинской области:

Из выдвинутых 3 кандидатов зарегистрированы 3 кандидата:

- Каримова Лаззат Байкеновна, 1973 года рождения, главный специалист ГУ «Аппарат акима поселка Жолымбет» Шортандинского района, проживает в поселке

Жолымбет, Шортандинского района. Выдвинута в порядке самовыдвижения;

- Маевский Александр Анатольевич, 1974 года рождения, главный инспектор акима по ГО и ЧС ГУ «Аппарат акима Шортандинского района», проживает в п. Шортанды. Выдвинут в порядке самовыдвижения;

-Молдобаева Арнагуль Искеновна, 1979 года рождения, дирек-

тор КГУ «Общеобразовательная школа № 2 посёлка Жолымбет отдела образования по Шортандинскому району управления образования Акмолинской области», проживает в поселке Жолымбет, Шортандинского района. Выдвинута от партии «AMANAT»;

Шортандинская районная территориальная избирательная комиссия

АУЫЛДАҒЫ ӨМІР

Шортанды ауданының Ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің «Тілдерді оқыту орталығы» КММ-нің басшысы Жүмкей Еркегүл Қазақстан Республикасындағы тілдерді дамыту мен қолданудың бағдарламасын іске асыру мақсатында Шортанды ауданының “Мәдениет, дене шынықтыру және спорт” бөлімі, Шортанды ауданының ТОО “Shortandy News” аудандық газетінің редакциясы және Шортанды ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің “Жастар ресурстық орталығы” КММ қызметкерлерін тегін оқыту үшін екі жақтық келісім меморандумға қол қойды. Аталған меморандумның негізгі мақсаты – мемлекеттік тілді және өзге де тілдерді дамыту, жастармен жұмыс істейтін мекеме қызметкерлерінің тілдік құзыреттілігін арттыру, сондай-ақ кәсіби қызмет барысында қазақ тілін

ЖИЗНЬ В СЕЛЕ

тиімді қолдануға жағдай жасау. Тілдерді оқыту орталығы тарапынан білікті мамандар жұмыс жасап, оқу үдерісі заманауи әдістемелер негізінде жүргізілетін болады. Сабақтарда қатысушылардың ауызекі сөйлеу дағдыларын дамытуға, іс жүргізу тілін меңгеруге және мемлекеттік тілде еркін қарым-қатынас жасауына ерекше назар аударылады. Бұл бастама жастар саясатын іске асыру саласында қызмет ететін мамандардың кәсіби деңгейін көтеруге, сондай-ақ аудан көлемінде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге оң ықпал етеді деп күтілуде. Сонымен қатар, меморандум тараптар арасындағы өзара әріптестікті нығайтып, алдағы уақытта бірлескен жобалар мен іс-шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Тілдерді оқыту орталығы

БІРЛЕСКЕН БАСТАМА – ТІЛ МӘРТЕБЕСІН АРТТЫРУҒА ҮЛЕС



СПОРТ

Шортанды ауданында қызметкерлер арасындағы баскетбол турнирі басталды

Шортанды ауданы ұйымдары қызметкерлері арасындағы спартакиада аясында баскетбол турнирінің салтанатты ашылуы өтті. Жарыстар спорттық жігерге, ұйымшылдыққа және жеңіске деген ұмтылысқа толы жағдайда өтіп жатыр.

Топтық кезең ойындарының қорытындысы бойынша жартылай финалға

шыққан командалар: Білім бөлімі, Шортанды аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі (БЖСМ), Аудан әкімдігі, «Қайнар» спорттық-сауықтыру кешені.

Алда командаларды финал жолдамасы сарапқа салынатын тартысты жартылай финалдық кездесулер күтіп тұр. Қатысушыларға сәттілік, әділ ойын және жарқын жеңістер тілейміз!



В ШОРТАНДИНСКОМ РАЙОНЕ СТАРТОВАЛ ТУРНИР ПО БАСКЕТБОЛУ СРЕДИ РАБОТНИКОВ ОРГАНИЗАЦИЙ

В рамках спартакиады среди работников организаций Шортандинского района состоялось торжественное открытие турнира по баскетболу. Соревнования проходят в атмосфере спортивного азарта, сплочённости и стремления к победе.

По итогам игр в подгруппах полуфиналисты: Отдел образования, Шортандин-

ская детско-юношеская спортивная школа (ДЮСШ), Районный акимат, СОК «Қайнар».

Впереди участников ждут напряжённые полуфинальные встречи, которые определяют финалистов турнира. Желаем командам яркой игры, честной борьбы и достойных побед!



ШОРТАНДЫ АУДАНЫНДА ҮСТЕЛ ТЕННИСІНЕН СПАРТАКИАДА ӨТТІ

Шортанды ауданында салауатты өмір салтын насихаттау, бұқаралық спортты дамыту және ұжымдық рухты нығайту мақсатында ұйым қызметкерлері арасында спартакиада басталды.

Алғашқы болып үстел теннисінен жарыстар өтті. Турнирге ауданның әртүрлі ұйымдарынан келген қызметкерлер қатысып, жоғары дайындық деңгейін, спорттық жігер мен жеңіске деген ұмтылысты көрсетті.

Жарыс қорытындысы бойынша жүл-

делі орындар: Білім бөлімі — 1 орын, ДЮСШ — 2 орын, Аудандық әкімдік — 3 орын. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер грамоталармен, медальдармен және кубоктармен марапатталды.

Спартакиада өз жалғасын табады, алдағы уақытта спорттың басқа түрлері бойынша жарыстар өткізіліп, салауатты өмір салтын ұстанатын азаматтардың санын арттыруға үлес қосады деп күтілуде.

В ШОРТАНДИНСКОМ РАЙОНЕ ПРОШЛА СПАРТАКИАДА ПО НАСТОЛЬНОМУ ТЕННИСУ

В Шортандинском районе стартовала спартакиада среди работников организаций, направленная на популяризацию здорового образа жизни, развитие массового спорта и укрепление командного духа.

Первыми в рамках спартакиады состоялись соревнования по настольному теннису. Турнир объединил представителей различных организаций района, которые продемонстрировали высокий уровень подготовки, спортивный азарт и стремление к победе.

Призовые места распределились следующим образом: Отдел образования — 1 место, ДЮСШ — 2 место, Акимат — 3 место. Победители и призёры были награждены грамотами, медалями и кубками.

Спартакиада продолжается, впереди участников ждут соревнования по другим видам спорта, которые, как ожидается, будут не менее зрелищными и объединят ещё больше сторонников активного и здорового образа жизни.

АУДАНДЫҚ СПАРТАКИАДА БАСТАЛДЫ!

БАСКЕТБОЛ
ӨТЕТІН КҮНІ/УАҚЫТЫ:
12–13 ақпан 2026ж
17:00 сағатта
ӨТЕТІН ОРНЫ:
Шортанды БЖСМ

ВОЛЕЙБОЛ
ӨТЕТІН КҮНІ/УАҚЫТЫ:
19–20 ақпан 2026ж
17:00 сағатта
ӨТЕТІН ОРНЫ:
Бозайғыр ауылының дене шынықтыру-сауықтыру кешені

ФУТЗАЛ
ӨТЕТІН КҮНІ/УАҚЫТЫ:
26–27 ақпан 2026ж
17:00 сағатта
ӨТЕТІН ОРНЫ:
Бозайғыр ауылының дене шынықтыру-сауықтыру кешені

ЖҮЗУ
ӨТЕТІН КҮНІ/УАҚЫТЫ:
5 наурыз 2026ж
17:00 сағатта
ӨТЕТІН ОРНЫ:
«Қайнар» ССК

АСЫҚ АТУ
ӨТЕТІН КҮНІ/УАҚЫТЫ:
6 наурыз 2026ж
18:00 сағатта
ӨТЕТІН ОРНЫ:
Шортанды кенті, №3 ЖОББМ

АРҚАН ТАРТУ
ӨТЕТІН КҮНІ/УАҚЫТЫ:
6 наурыз 2026ж
18:00 сағатта
ӨТЕТІН ОРНЫ:
Шортанды кенті, №3 ЖОББМ

ҚОЛ КҮРЕС
ӨТЕТІН КҮНІ/УАҚЫТЫ:
13 наурыз 2026ж
17:00 сағатта
ӨТЕТІН ОРНЫ:
«Қайнар» ССК

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ
ӨТЕТІН КҮНІ/УАҚЫТЫ:
19 наурыз 2026ж
17:00 сағатта
ӨТЕТІН ОРНЫ:
Шортанды БЖСМ

Ескерту: Жарыстардың өткізілу күндері мен орны өзгеруі мүмкін, бұл туралы командалар алдын ала хабардар етіледі.
Өтінім қабылдау үшін байланыс нөмірі:
+7 702 467 6081

АУЫЛДАҒЫ ӨМІР

ЖИЗНЬ В СЕЛЕ

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВТЫҢ 95 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
ӘДЕБИ-САЗДЫ КЕШ

Ғымдағы жылдың 9 ақпанында Шортанды кентіндегі «Ойын-сауық орталығы» қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, ұлы ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына арналған әдеби-сазды кеш өткізді.

Іс-шара барысында ақынның өмірі мен шығармашылық жолы жөнінде тағылымды мәліметтер беріліп, жүрекке жететін өлеңдері оқылды. Сонымен қатар, ақын сөзіне жазылған әндер шырқалып, кештің көрермендеріне ерекше рухани әсер сыйлады.

Әдеби-сазды кештің басты мақсаты



– жас ұрпаққа Мұқағали Мақатаевтың бай әдеби мұрасын насихаттау, поэзияға деген сүйіспеншілікті арттыру және ұлттық рухты дәріптеу. Кешке қатысушылар рухани азық алып, ұлы ақын шығармашылығына деген құрметтерін білдірді

Мұндай шаралар қазақ әдебиетінің дара тұлғаларын танып-білуге және ұлттық мәдениетімізді насихаттауға тың серпін берді.

Редакция тілшісі



АУДАН КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫНА ДАЙЫНДЫҚТЫ ТЕКСЕРДІ

Ауданның басты инспекторы мен аудандық Төтенше жағдайлар қызметінің қызметкерлері көктемгі су тасқыны кезеңіне дайындықты тексерді.

Іс-шара барысында бірнеше ауылдарда – Раевка, Новокубанка, Андреевка, Пригородное және Шортанды – мотопомпалардың жұмысы мен су өткізгіш құбырлардың жағдайы қаралды. Арнайы көңіл техникалық жабдықтардың толық жұмыс істеуіне және еріген судың кедергісіз ағысына бөлінді.

Жағдай бақылауда ұсталып, қажетті шаралар алынып отыр. Сонымен қатар, тексеру жұмыстары басқа ауылдық округтерде де жалғасуда.

«Shortandy News» редакциясы

РАЙОН ПРОВЕРИЛ ГОТОВНОСТЬ К ВЕСЕННЕМУ ПАВОДКОВОМУ ПЕРИОДУ

Главный инспектор района совместно с сотрудниками районного МЧС провели проверку готовности к весеннему паводковому периоду.

В ходе мероприятия была проверена работа мотопомп и состояние водопропускных труб в сёлах Раевка, Новокубанка, Андреевка, Пригородное и Шортанды. Особое внимание уделено технической исправности оборудования и обеспечению беспрепятственного отвода талых вод.

Ситуация находится на постоянном контроле. Работы по подготовке продолжаются и в других сельских округах района.

Редакция «Shortandy News»



МҰҚАҒАЛИ – МӘҢГІЛІК ЖЫРДЫҢ ЖҰЛДЫЗЫ

Биыл қазақтың Ұлы ақыны, лирик Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толып отыр. Оның есімі қазақ әдебиеті тарихында мәңгілікке алтын әріптермен жазылды. Ақынның жалынды жырлары уақыт өткен сайын құнын жоғалтпай, керісінше, әр буын оқырманының жүрегінен жол тауып келеді.

Мұқағали Мақатаев – жай ғана ақын емес, ол – өз заманының үні, халықтың жүрек соғысы. Ол дәуірінің азабы мен қуанышын, мұңы мен үмітін, сенімі мен сағынышын терең сезініп, өлең арқылы өрнектей білді. Оның поэзиясы шынайылығымен, сезім тереңдігімен және қарапайымдылықтың астарында жатқан философиялық даналығымен ерекшеленеді.

Ақын шығармаларының әр жолы Отанға деген сүйіспеншілікке, туған жерге деген адалдыққа, ұлттық құндылықтарға деген құрметке толы. Оның жырлары – жүректен шыққан сыр, өмір мен тағдыр туралы толған, адам жанының нәзік пернелерін дөп басқан шынайы әңгіме.

Бүгінде Мұқағали мұрасы қазақ әдебиетінің алтын қорына енген. Оның өлеңдері мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытылып, сахна төрінде оқылып, әнге айналып, халықпен бірге жасасып келеді.

95 жылдық мерейтой – бұл жай ғана атаулы дата емес. Бұл – ақынның бай рухани мұрасына қайта үңіліп, оның өлеңдерін қайта парақтап, уақыт сынынан өткен туындыларының өміршеңдігін тағы бір мәрте сезінудің мүмкіндігі.

Ұлы ақынның жарқын бейнесі мен асыл мұрасы мәңгі жасай берсін. Оның жүрек тербеген жыр жолдары адамзатқа әрдайым жақсылықтың, махаббаттың және шынайылықтың нұрын сыйлай берсін.

МУКАГАЛИ – ПОЭТ, СТАВШИИ ГОЛОСОМ ВЕЧНОСТИ

В этом году исполняется 95 лет со дня рождения великого казахского поэта и лирика Мукагали Мақатаева. Его имя навсегда вписано золотыми буквами в историю казахской литературы. Его проникновенные стихи не теряют своей актуальности и продолжают находить отклик в сердцах читателей разных поколений.

Мукагали Мақатаев — это не просто поэт, а голос народа, тонко чувствующий боль и радость, любовь и надежду, веру и тревоги своего времени. Его поэзия отличается искренностью, глубиной чувств и удивительной простотой, за которой скрывается философская мудрость.

Каждая строка его произведений наполнена любовью к Родине, преданностью родной земле, уважением к национальным традициям и духовным ценностям. Его творчество — это откровенный разговор с читателем, размышление о жизни, судьбе и предназначении человека.

Сегодня произведения поэта входят в золотой фонд казахской литературы, изучаются в школах и высших учебных заведениях, звучат со сцены и становятся песнями, живя вместе с народом.

95-летний юбилей — это не просто памятная дата. Это возможность вновь прикоснуться к богатому духовному наследию поэта, перечитать его строки, почувствовать их силу, глубину и непреходящую актуальность.

Пусть память о великом поэте будет вечной, а его проникновенные строки и впредь озаряют сердца людей светом добра, любви и искренности.

Аудандық мәслихаттың баспасөз орталығы
Пресс-центр районного маслихата



ЖОЛЫМБЕТ КЕНТІНІҢ ӘКІМІ САЙЛАНДЫ

2026 жылғы 8 ақпан күні өткен сайлау қорытындысы бойынша Жолымбет кентінің әкімі болып Теміржанов Дүйсенбай Мутанович сайланды.

Дүйсенбай Мутанович 1971 жылы Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Жолымбет кентінде дүниеге келген. 1989 жылы Жолымбет №2 орта мектебін тәмамдаған. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Көкшетау техникалық институтын «Өрт қауіпсіздігі инженері» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1990–1992 жылдары Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарындағы әскери қызметтен бастаған. Кейін Жолымбет кенішінде, сондай-ақ ҚР

Төтенше жағдайлар министрлігінің өртке қарсы қызмет органдарында түрлі лауазымдарда қызмет атқарған. 2015 жылы запастағы подполковник атағымен зейнетке шыққан.

Зейнетке шыққаннан кейін кәсіпкерлікпен айналысып, Астана қаласындағы мемлекеттік және коммуналдық ұйымдарда басшылық және жауапты қызметтерде еңбек етті.

Әкім болып сайланғанға дейін Дүйсенбай Мутанович Астана қаласындағы «Мирас» бөбекжай-бақшасында шаруашылық меңгерушісі қызметін атқарған.

Аудандық газет редакциясы

Делаем новости вместе!



ИЗБРАН АКИМ ПОСЕЛКА ЖОЛЫМБЕТ

8 февраля 2026 года по итогам выборов акимом поселка Жолымбет избран Теміржанов Дюсенбай Мутанович.

Дюсенбай Мутанович родился в 1971 году в поселке Жолымбет Шортандинского района Акмолинской области. В 1989 году окончил Жолымбетскую среднюю школу №2. Получил высшее образование в Кокшетауском техническом институте МЧС Республики Казахстан по специальности «Инженер пожарной безопасности».

Трудовую деятельность начал со службы в Вооруженных Силах Республики Казахстан в 1990–1992 годах. В дальнейшем работал на Жолымбетском руднике, проходил

службу на различных должностях в органах противопожарной службы МЧС РК. В 2015 году вышел в запас в звании подполковника.

После выхода в запас занимался предпринимательской деятельностью, а также работал на руководящих и ответственных должностях в государственных и коммунальных организациях города Астаны.

До избрания акимом поселка Жолымбет занимал должность заведующего хозяйством в дошкольной организации «Ясли-сад „Мирас“» в городе Астане.

Редакция районной газеты

ШОРТАНДЫ АУДАНЫНДА КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Шортанды ауданында Қазақстан Республикасы Конституциясының жобасына енгізілетін өзгерістерді түсіндіру мақсатында халықпен және «Алтыналмас» АҚ ұжымымен кездесу өтті. Іс-шара ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында ұйымдастырылды.

Кездесуге «Ақмола облысының кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы Рахметов Қали Сұлтанмахметұлы, Ақмола облыстық Қоғамдық кеңесінің мүшесі Жукова Ирина Николаевна және Ақмола облыстық маслихатының депутаты Мұхамедьяев Алмаз Есенгелдіұлы

қатысты.

Жиын барысында қатысушыларға елдің негізгі заңына енгізу ұсынылып отырған өзгерістер туралы жан-жақты ақпарат беріліп, Конституцияның негізгі ережелері түсіндірілді. Спикерлер алдағы референдумның маңыздылығына тоқталып, әр азаматтың ел болашағына қатысты шешім қабылдаудағы жауапкершілігін атап өтті. Кездесу форматында сұрақ-жауап ұйымдастырылып, тұрғындар өз пікірлерін білдірді.

Айта кетейік, Конституциялық комиссия Мемлекет басшысына жаңа Консти-

туцияның қорытынды жобасын ұсынды. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды. Құжат Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 10) тармақшасына және «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңның 18-бабына сәйкес ресми түрде жарияланды.

Алдағы кезеңде өңірлерде түсіндіру жұмыстары жалғасады.

Редакцияның меншікті тілшісі

В ШОРТАНДИНСКОМ РАЙОНЕ ОБСУДИЛИ ПРОЕКТ НОВОЙ КОНСТИТУЦИИ

В Шортандинском районе состоялась встреча с населением и коллективом АО «Алтыналмас» в рамках информационно-разъяснительной работы по внесению изменений в проект Конституции Республики Казахстан.

В мероприятии приняли участие председатель территориального объединения профсоюзов «Центр профсоюзов Акмолинской области» Рахметов Кали Султанмахмедович, член Общественного совета Акмолинской области Жукова Ирина Николаевна и депутат Акмолинского областного маслихата Мухамедьяев Алмаз Есенгелдиевич.

В ходе встречи участникам была представлена подробная информация о предлагаемых изменениях в Основной закон страны, разъяснены ключевые положения


Конституции Республики Казахстан. Спикеры подчеркнули значимость предстоящего республиканского референдума и отметили важность активного участия граждан в принятии решений, определяющих будущее государства. В формате открытого диалога жители смогли задать интересующие вопросы и высказать свои мнения.

Накануне Конституционная комиссия представила Главе государства итоговый проект новой Конституции. Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев подписал Указ о проведении республиканского референдума 15 марта 2026 года. Документ опубликован официально в соответствии со статьей 44 пунктом 10 Конституции Республики Казахстан и статьей 18 Конституционного закона «О ре-

спубликанском референдуме».

Информационно-разъяснительная работа в регионе будет продолжена.

Собственный корреспондент редакции газеты



АУЫЛДАҒЫ ӨМІР

ЖИЗНЬ В СЕЛЕ



ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМ

Шортанды ауданының құрметті азаматы, ел ағасы Сыздықов Амангельды Хамзинович 80 жасқа толды. Айтулы мерейтой иесін аудан басшылығы арнайы құттықтап, құрмет көрсетті.

Бұл мерейлі жас – ел игілігі жолындағы ұзақ жылғы адал еңбектің, мол тәжірибе мен кемел даналықтың айғағы. Амангельды Хамзинович еңбек жолын небәрі 15 жасынан бастап, туған совхозында бастаған. Кейін ауыл шаруашылығын механикаландыру училищесін тәмамдап, өндіріс саласында шыңдалды.

1983 жылы Елизаветинка ауылындағы №15 орта кәсіби-техникалық училищесінің директоры болып тағайындалып, білім ордасын Целиноград облысындағы алдыңғы қатарлы оқу орындарының біріне айналдырды. 1989 жылы «Шортандинский» совхозының директоры қызметіне кірісіп, еңбекті ұйымдастырудың озық тәсілдерін енгізу арқылы шаруашылықтың дамуына

серпін берді.

1994 жылы облыстық мәслихаттың депутаты, ал 1999 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болып сайланды. Сенаторлық қызметінде өңірлердің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге ерекше назар аударды. Атап айтқанда, Көкшетау қаласындағы жылу және сүмен қамтамасыз ету жүйелерін жөндеу жұмыстарына ықпал етті. Сонымен қатар, Астана қаласындағы соғыс және еңбек ардагерлеріне әлеуметтік жеңілдіктер мен преференциялар алу мәселелерін көтеріп, халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған бастамаларды қолдады.

Амангельды Хамзиновичтің ғұмырлы жолы – елге адал қызмет етудің, абыройлы еңбектің жарқын үлгісі.

Қадірлі мерейтой иесіне зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасы амандығын тілейміз. Мерейі үстем, мәртебесі биік болсын!

Шортанды ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ШОРТАНДЫ КЕНТІНДЕ БЕЙНЕБАҚЫЛАУ ЖҮЙЕЛЕРІ ОРНАТЫЛДЫ

Шортанды кентінде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында бейнебақылау камералары орнатылды. Жаңа жүйе қоғамдық орындардағы тәртіпті бақылауға, тұрғындардың қауіпсіздігін арттыруға бағытталған.

Бейнебақылау камералары кенттің адам көп шоғырланатын аумақтарына орналастырылып, құқық қорғау органдарының жедел әрекет етуіне мүмкіндік береді. Бұл шаралар қоғамдық тәртіпті нығайтуға және құқық бұзушылықтың алдын алуға септігін тигізеді.

Жүйенің жұмысы жергілікті атқарушы органдардың тұрақты бақылауында. Алдағы уақытта да қауіпсіздікті күшейту бағытындағы жұмыстар жалғасын табады.

«Shortandy News» редакциясы

В ПОСЕЛКЕ ШОРТАНДЫ УСТАНОВЛЕННЫ СИСТЕМЫ ВИДЕОНАБЛЮДЕНИЯ

В поселке Шортанды в целях повышения общественной безопасности установлены системы видеонаблюдения. Камеры направлены на контроль общественного порядка и профилактику правонарушений.

Системы размещены в местах массового пребывания людей, что позволяет оперативно реагировать на возможные инциденты и повысить уровень безопасности жителей. Принятые меры способствуют укреплению правопорядка и предупреждению правонарушений.

Работа системы видеонаблюдения находится на постоянном контроле местных исполнительных органов. Работа по обеспечению безопасности в населенном пункте будет продолжена.

Редакция «Shortandy News»

АУДАН ЖОЛДАРЫ ҚАРДАН ТАЗАЛАНДЫ

Осы аптада аудан аумағында қарлы ауа райы мен желдің әсерінен жолдарда қиындықтар туындады. Күшті боран мен желдің салдарынан кейбір жолдар барлық автокөлік түрлеріне жабылып қалды.

Осы жағдайға байланысты аудан әкімдігі мен жергілікті атқарушы органдардың үйлестірілген жұмысы аясында елді мекеншілік және ауданшілік жолдарды тазалау ұйымдастырылды. Техника қарды тазалау, көшелер мен жолдарды қар мен бораннан құтқару жұмыстарын жоспарлы түрде жүргізді.

Жұмыстар барлық ауылдық елді мекендерде жүргізіліп, жолдар қауіпсіз және кедергісіз қозғалысқа дайын күйге келтірілді. Бұл нәтижелерге аудан кәсіпкерлерінің қолдауы және атқарушы органдардың үйлесімді іс-қимылының арқасында қол жеткізілді.

Қар тазалау жұмыстары әлі де жалғасып, тұрғындардың қауіпсіз қозғалысы қамтамасыз етілуде.

Бейбит Молдазиятов

ДОРОГИ РАЙОНА ОЧИЩЕНЫ ОТ СНЕГА

На этой неделе в районе наблюдались сильные осадки и порывистый ветер, в результате чего движение на некоторых дорогах было перекрыто для всех видов автотранспорта.

В ответ на это местные исполнительные органы при поддержке районных предпринимателей организовали уборку и расчистку дорог. Техника проводила работы по очистке внутрипоселковых и районных дорог от снега и заносов в плановом режиме.

Работы велись во всех населённых пунктах района, благодаря чему дороги приведены в безопасное и проходимое состояние. Эти меры позволили восстановить движение автотранспорта и повысить безопасность жителей.

Работы по расчистке дорог продолжают, обеспечивая беспрепятственное движение и безопасность на территории района.

Бейбит Молдазиятов



ШОРТАНДЫ АУДАНЫНДА АЛАЯҚТЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ БАҒЫТЫНДА ДӘРІС ӨТТІ

Шортанды ауданы полиция бөлімінің Көші-қон қызметі бөлімшесінің инспекторы, аға лейтенант Шабдан Нұрбол Ахмедияұлы қызмет алушылармен кездесу өткізіп, «Алаяқтықтың алдын алу» тақырыбында дәріс оқыды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – қамқорлықтағы азаматтарды қазіргі таңда кең таралған алаяқтық әрекеттері туралы хабардар ету, оларды алаяқтықтың түрлерін танып-білуге үйрету және құқықбұзушылардың айла-тәсілдерінен қорғану жолдарын түсіндіру.

Кездесу барысында инспектор интернет-алаяқтық, телефон арқылы жасалатын алдау тәсілдері, жалған банк қызметкерлері мен құқық қорғау органдарының атын жамылған қоңыра-

улар туралы кеңінен баяндады. Сонымен қатар жеке деректерді қорғау, күмәнді сілтемелерге өтпеу, бейтаныс адамдарға банк картасының мәліметтерін бермеу қажеттігі атап өтілді.

Шабдан Нұрбол Ахмедияұлы азаматтарды сақ болуға, кез келген күмәнді жағдайда дереу полицияға хабарласуға шақырды. Дәріс барысында қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, нақты жауаптар алды.

Осындай алдын алу шаралары тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттырып, алаяқтық қылмыстардың алдын алуға ықпал етеді.

Шортанды ауданы полиция бөлімінің Көші-қон қызметі материалдары негізінде

В ШОРТАНДИНСКОМ РАЙОНЕ ПРОВЕДЕНА ЛЕКЦИЯ ПО ПРОФИЛАКТИКЕ МОШЕННИЧЕСТВА

Инспектор подразделения миграционной службы отдела полиции Шортандинского района, старший лейтенант Шабдан Нурбол Ахмедияұлы, провел для получателей услуг лекцию на тему профилактики мошенничества.

Основной целью мероприятия стало информирование граждан о наиболее распространенных видах мошенничества, обучение распознаванию обмана и разъяснение мер по защите от противоправных действий.

В ходе встречи инспектор рассказал о распространенных схемах интернет-мошенничества, телефонных звонках от лжесотрудников банков и правоохранительных органов, а также о способах защиты персональных данных. Особое внимание было уделено необходимости не сообщать посто-

ронным лицам данные банковских карт, не переходить по сомнительным ссылкам и проявлять бдительность при получении подозрительных сообщений и звонков.

Старший лейтенант призвал граждан быть внимательными и при возникновении сомнений незамедлительно обращаться в полицию. Участники встречи смогли задать интересующие их вопросы и получить подробные разъяснения.

Подобные профилактические мероприятия способствуют повышению правовой грамотности населения и предупреждению мошеннических преступлений.

По материалам миграционной службы отдела полиции Шортандинского района



КӨКТЕМГІ МЕРЗІМДІ ӘСКЕРІ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРУ БАСТАЛАДЫ

2026 жылғы 1 наурыздан бастап азаматтарды мерзімді әскери қызметке көктемгі шақыру басталады. Қызмет ету мерзімі – 12 ай.

Мерзімді әскери қызметке 18 жастан 27 жасқа дейінгі ұлдар шақырылмақ. Әскери борыш — әр азаматтың ел алдындағы жауапкершілігі және ел қауіпсіздігіне қосқан үлесі. Барлық қызығушылық танытқан азаматтар көрсетілген телефон нөмірлері бойынша хабарласа алады:

8-716-31-2-23-11
8-747-260-42-48

«Shortandy News» редакциясы



СТАРТУЕТ ВЕСЕННИЙ ПРИЗЫВ НА СРОЧНУЮ ВОИНСКУЮ СЛУЖБУ

С 1 марта 2026 года стартует весенний призыв граждан на срочную воинскую службу. Срок службы составляет 12 месяцев.

На срочную воинскую службу подлежат юноши в возрасте от 18 до 27 лет. Служба в армии — это долг каждого гражданина и вклад в безопасность родной страны. Все желающие могут обратиться по следующим номерам:

8-716-31-2-23-11
8-747-260-42-48

Редакция «Shortandy News»



Делаем новости вместе!

ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ «МАФИЯ» ОЙЫНЫН ҰЙЫМДАСТЫРДЫ

Шортанды ауданы Жастар ресурстық орталығы жастар үшін интерактивті «Мафия» ойынын өткізді. Ойынға қатысушылар логика мен стратегияны дамытып, топтық жұмыс дағдыларын жетілдірді.

Ойын барысында жастар бір-бірімен қарым-қатынас жасап, өз ойын жеткізіп, қарсыластардың әрекеттерін түсінуге мүмкіндік алды. Сонымен қатар, ойын қатысушыларға өздерін және достарын жақсырақ танып, топ ішінде сенім мен түсіністікті нығайтуға көмектесті.

Мұндай іс-шаралар аудан көлемінде жиі өткізіліп, әртүрлі қызығушылыққа арналған бағдарламалар ұсынылады. «Мафия» ойыны сияқты интерактивті сабақтар жастарға тек көңіл көтеру ғана емес, сонымен қатар логика, стратегиялық ойлау және коммуникация қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

«Shortandy News» редакциясы



МОЛОДЁЖНЫЙ РЕСУРСНЫЙ ЦЕНТР ПРОВЁЛ ИГРУ «МАФИЯ»

Молодёжный ресурсный центр Шортандинского района организовал интерактивную игру «Мафия» для молодежи. Участники развивали логическое мышление, стратегическое планирование и навыки командной работы.

Во время игры молодые люди укрепляли коммуникацию, учились выражать свои мысли и понимать действия соперников. Игра также помогает лучше узнать себя и других, развивает внимание, умение анализировать и принимать решения в команде.

Подобные мероприятия регулярно проводятся в районе и предлагают разнообразные форматы на любой вкус. Интерактивные игры, как «Мафия», полезны не только для развлечения, но и для развития стратегического мышления, командной работы и навыков общения.

Редакция «Shortandy News»

Аудандық қоғамдық-саяси газеті
SHORTANDY NEWS
Районная общественно-политическая газета

“Shortandy News” газетінің редакциясы” ЖШС
Тіркеу куәлігі: KZ63RBZ00056445
Бас редактор:
Молдазиятов Б. А.

«АҚПАРАТТЫ ОРНАЛАСТЫРУҒА ЖӘНЕ КЕРІ БАЙЛАНЫСҚА ҚАТЫСТЫ»:
Тел: +77015030901
e-mail: bmoladziyatov@gmail.com

«ЖАРҚЫН ҚО» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Абай даңғылы, 57/1, НП-1 тел.: (7172) 21-50-86, тел./факс: (7172) 21-80-24

Газеттің таралымы 250 дана